


Қ

тырар  
ітанханасы

Құлбек Ергөбек

АРЫСТАР МЕН  
АҒЫСТАР

71





Құлбек  
Ергөбек

**АРЫСТАР МЕН АҒЫСТАР**  
(Қазақ өлеңі хақында)

Таным  
Астана  
2003

ББК 83.3 қаз  
Е 65

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және  
қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша  
шығарылып отыр

**Ергөбек Қ.**  
Е 65 Арыстар мен ағыстар: —Астана: “Таным” баспасы,  
2003.—360-бет.  
ISBN 9965-640-23-8

Қазақ әдебиеті мәселелерін биік өреге көтеріп, әдеби процесті тамыршыдай тап басып, өзіндік мәнмен талдап келе жатқан принципшіл сыншы, көрнекті ғалым, профессор Құлбек Ергөбектің елу жылдығына орай жарыққа шығарылып отырған бұл кітабына бірыңғай қазақ поэзиясы туралы жазған толғаныстары жинақталып отыр.

Кітап қазақ поэзиясын қастерлеген студент жастарға, жалпы әдеби жұртшылыққа арналады.

Е 4603020000  
00 (05)-03

ББК 83.3 қаз

ISBN 9965-640-23-8

© Ергөбек Қ., 2003.  
© “Таным” баспасы, 2003

## АВТОРДАН

Әдеби сында еңбектеніп келе жатқаным да отыз жылдай уақыт өтіпті. Әдеби сын – әдеп жанры. Әдеп екен деп орынсыз иіліп жатса, сыншы жалпақшешей аталмақ. Одан асқан қорлық жоқ әдебиет сыншысы үшін. Білім мен білік біріккен сәтте әдепті әдеби сын өмірге келеді. Мұрат – сол! Әдеби сын – әділет жанры. Жетістікті – жетістік, кемшілікті – кемшілік деп атымен атамасаң, атың арзандап, абыройың төгілмек. Әдебиет сыншысы деген атымызды арзандатпауға, айбарлы жанр туын биік ұстап, абыройды төкпеуге тырыстық. “Малым – жанымның, жаным – арымның садағасы!” – дейтін алаш баласымыз.

Әдеби сын – аталы сөз айтуға тиісті мінбер. Аталы сөз айту – сыншыға серт. Айтылған аталы сөзге тоқтамаса – ақын, жазушыға серт. Серт сөзін сәл жұмсартып “шарт” десек те жеткілікті. Аталы сөздің бір атасы – әділ сөз. Әдеби процесте ақ сөйлеуді, әділ болуды азаматтық парыз санадық. Өйткені, екі өмір жоқ адам баласында. “Атымды адам қойған соң...” жалғыз рет берілетін өмірді жақсылыққа жұмсау – парыз.

Өрмек жүзі ауды.

Жүріп өтіп келе жатқан жолымызға қарап, Экзюпери айтқандай қайдан келеміз, қайда беттеп барамыз? – деп ой қорытатын жастамыз. Кәсіпке қарай, ой қорыту – жазған әдеби сын, зерттеулерінді алдына ала отырып ой кешу. Әралуан жанрда жазған, жариялаған әдеби дүниелерді жинақтағанда сыншы ұғымы таразы басын басып кете берді. Журналист, жазушы, ғалым, ұстаз (профессор), шенеунік аталып жүріп, ден қойғаным сыншылық өнер. Күні бүгінге дейін жазып, жариялаған 15-ке тарта кітаптың дені де осыған саяды. Әдебиеттанудың ішкі жанрын айтсақ сын мақалаларым поэзия, проза, драматургия, балалар әдебиеті салаларын қамтиды екен. Әуел бастан кітап шығаруда тақырыптық тұтастыққа ден қойған басым – “Арыстар мен Ағыстар”

аталатын осы кітабыма тек қазақ поэзиясы жайында жазылған әдеби сын, зерттеу, эссе, портреттерімді топтадым. Дені ағымдағы баспасөзде ғана жарияланған. Кейбірі тіпті ешқайда ұсынылмаған.

“Арыстар мен Ағыстар” портреттер мен проблемалардың жоралғысы. Өнериеті сөз болған, кейбірі мерейтойға орай жазылған эссе, мақала, естеліктер кейіпкерлері “Арыс” деген асқақ атқа лайық па? – дейтін оппоненттердің табылуы кәдік. Түсінемін. Ол деңгейге көтерілгендерге рахмет, көтерілмегендері ұмтылсын. Қазан аузы жоғары.

Тақырыптық тұтастықты айта отырып, алда да “Арыстар мен Ағыстар” тақырыбын бәсірелеуге тырысамын. Алуан жанр туындыларына жасалған талдау мақалаларымнан бас құрайтын кезекті кітаптардың аты да – “Арыстар мен Ағыстар” болмақ.

Бар – мәзір, жоқ – жай. Біздің барымыз. Таразы – уақыт, төреші – әдеби жұртшылық, оқырман көпшілік!

Кітапты өндіріске дайындауда қолқабыс жасаған Кемелбек Шаматай, Ғалия Жарылқасынқызына алғысымды білдіремін!

**I БӨЛІМ**  
**АРЫСТАР**

## ДУЛДІЛ АҚЫН, ДҮЛЕЙ ЖЫР

Дара дарынды дәуір туғызады. Дара дарын дәуір сөзін айтады. Дәуірдің бет-келбетін танытарлық, болмысын байқатарлық, керек болса тарихи бедерін айқындарлық өлшем де сол дара дарындар сөзі. Біртуар дарынға шалалықтың жараспай тұратыны – қарапайым балалық бұйырмайтындықтан. Балалық ондай жағдайда мерзімінен бұрын мерт болады да даналыққа жол береді. “Балалық өтті, білдің бе?” (Абай) деп өзді-өзіне ерте есеп беріп, ерте есейген дарын Атаның баласынан Адамның баласына өтеді. Бұл шынайы пенделік өмірден – қоғамдық өмірге өтуі. Альтруизмге түсіп қайтейік, дегенде дана дарындарда, дара дарындарда жеке пенделік өмір бола бермейді, болғанымен қызықсыздау өтеді. Өйткені өзін қоғамдық іске, халықтық іске басыбайлы бағыштаған жанда дулы жүрер думанды өмір қайдан болсын. Есесіне ондай дара тұлға өмірінде елеусіз құбылыс болмайды, бола қалған күнде күн өте келе елеусізі елеуліге айналып зорайып сөйлейтін болады. Сол себепті де тұлға – тарихтікі болатыны секілді, тарихи тұлға бойындағы пенделік істердің бедерсізі өшіп, әйтпесе бедерленіп, белгілі – бедерлісі тарих еншісіне көшіп қоғамдық сипат алып жүре береді.

Қызық көрдім десе жарасарлық бір кісі болса – асылы, Абай болар. Ұлы Абай қызық көрдім демейді, күйік көрдім дейді. Өз жүрегіне өзі үн қатып, “соқпа, тоқта, ойбай” – дейді. Мұндағы себеп мынау болар асылы: жеке жан рахатын – бақытқа балайтын пенде бар, ол жеке бас бақытынан ләззат алады. Енді бір жан халық бақытын – Бақытқа балайды. Дара дарын, дана дарындікі – сол. Қайраткер ойы бар қуатты адам жеке бас бақытын қанағат тұта алмайды, халық бақытын көксеп, қоғам дамуына көңілі толмай қайғы жұтып өтеді мынау өмірден.

Өзі үшін емес, халық бақыты үшін өмір сүрген, халық бақыты үшін күресіп өткен қуатты қайраткерлік ойдың ақыны – Сұлтанмахмұт Торайғырұлы. Әп дегеннен ақынның жеке өміріне, пенделік қызығына күмән келтіре сөз

бастау “қоғамшыл” ескі ойдың сарыны емес пе? Сірә, да олай емес. “Бар ғұмырымды кеңес өкіметіне арнадым” – деп айғай салатын көкектерге көктемнің өзі күз болып жаратылған Сұлтанмахмұт Торайғырұлы сірә да ұқсамайды. Жарық дүниеге келіп, жасағаны небәрі жиырма жеті, жиырма сегіз жас. Алланың бергені аз ғұмыр екенін өзі де біліп, сезіп отыр. “Аз ғұмырды ақындық жолға бердім” – дейтін сыры да осында. Ойша шолып қарасаңыз, қыршын жас өмірінің әрбір бүгіліс-түгілісіне дейін әлеумет өміріне арналған, жүректің әрбір талшықтарына дейін халық деп соғатын секілді. Екі ғана сәт жеке аңсарына жол беріп, махаббат отына оранып, маздап көрді. Бірінде еркінен тыс айырылды Бағиласынан. Екіншісінде өзінің ғұмыры сөніп бара жатқанын ойлап, өз еркімен махаббат сезімінен сүйе тұра бас тартып, сүйе тұрып, сүйіктісі – Мәликеге рұқсат беріп жіберді. Қалған ғұмырдың баршасы – қоғам өміріне, әлеумет бақытына жұмсалды.

Иә, Сұлтанмахмұт өмірде қысқа ғана жасады. Адам ретінде жасағаны аз бола тұра, ақын ретінде жасағаны көп-ақ. Сол аз ғұмырда жасаған көп дүниенің бүгіліс-түгілісіне түгел үңіле өңгіме айту – бастауы бар да аяқталуы жоқ, ғасырдан ғасырға кетер бір дүние. Қайырымсыз уақыттың ақын тағдырына тірідей болмаса да өлідей қайырылып бір соққан сәтінде айтар бүгінгі сөз де Сұлтанмахмұттай мүйізі айқасқан – Аймүйіз дарын жайлы салқар заманаларға кетер, кеш те болса қайырлы сөздің бір қайырмасы ғана...

Келешекке ұласа айтылар, келешек тарапынан жалғаса айтылар ұлы сөздің үтіріндей ғана сөзді жинақтай айтып көрейікші.

Сұлтанмахмұт Торайғырұлы – алдымен мінез. Мінез болғанда да шағылысқан алдаспандай жарқылдайды-ау, шамасы. Өміріне үңіліңіз – мінез. Өлеңіне үңіліңіз – мінез. Шатырлаған мінез. Туа бітті мінез бе, әлде жүре келе пайда болған мінез бе, бұл?

С.Торайғырұлының 1933 жылғы “Толық шығармалар жинағына” алғысөзден кейін аты-жөні белгісіз бір автордың “Торайғырұлы Сұлтанмахмұт (1893 Октәбір 28 – 1920 ж. 21V/10-24-беттер)” аталатын өмірбаяндық зерттеу мақаласы берілген. Әрлі тіл, мол мәліметпен әдемі жазылған өмірбаяндық очеркті қазақтың жампоз жазушысы Жүсіпбек Аймауытұлының деп білеміз. Кезегінде Кенжебаев архивінен келтірер мол дерегіміз бар. Әзірге айтқалы отырған жай, осы өмірбаяндық очеркте Сұлтанмахмұттың балалық шағы жөнінде мынадай мәлімет бар: “Бір жасында Махмұттың

анасы өліп, жетім қалады, ұлы анасы Мұнтай бәйбіше бауырына салады. Қақ-соқпен, ойынмен әуесі жоқ, меңзең, монтиған момақан Махмұт туған шешенің мекіренген мейірімін көре алмайды. Бала күнінде Махмұт өте аңқау болады. Өгіз бұзаулап жатыр десе, нанады. Махмұт жасынан салқам болады: киімін қайда болса сонда тастап кетеді. Өгей шешесі Махмұттың салқамдығына кейіп ылғи ұрысқанда Махмұт көзі жасаурап, ішінен тынып, мелшиіп тұрады екен”. (11-бет).

Жасында қой аузынан шөп алмас момақан бала есейе келе қалай ғана мінезді ақынға айналды?

Анасы жасында қайтыс болып, өгей шешенің қолына қараған, әке нағашыларының жұмысында жалдамалы, көргені таршылық, дарынды бала анда барып оқығысы келеді – қолы келтелік қылады, мында барып оқығысы келеді – көзі жарамайды, білімі жетпейді, айнала қараса – қаптаған әділетсіздік, сөйтіп-сөйтіп жеке басындағы таршылық әлеуметтік мән ала береді. “Алаш ұранын” жаза тұра алаштық ортаға сыймайды, “Айқапқа” бар күш-қайратын жұмсап, жалындап жаза жүріп “Айқаптық” ортаға сыймайды. “Таныстыруда” өзі мақтап, мадақтап жазатын Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлының қайсысымен арасынан қыл өтпес тығыз қатынаста болды дейсіз?! Ұлт тағдырына деген мүдделестік табыстырды. Кедей-бұхараға деген жетімсіз көзқарас ажырастырды. Міржақып өлеңдерінің дұрысын – дұрыс, бұрысын – бұрыс деп мақала жазды. Сын жазды. Сын көзімен сығалай қарап отырсаңыз Сұлтанмахмұт ақынның қай топ көсемдерімен де ара қатынасы жеке бас есебіне құрылмаған. Гәп – халықтық мүддеде. Гәп – көзқараста. Айталық өзін дарын ретінде айқара ашқан “Айқаптан” кету, аға-інідей сеніп сыйласқан М.Сералинмен кетісу – қайбір оңай тиді дейсіз, Сұлтанмахмұтқа. Топқа бөлінбей жүрмейтін сиырбүйрек қазақтың ат төбеліндей аз оқығандарының барын бетіне айтамын деп өзара айтысып жүрген екі тобына да жақпай қалды. Сөйте тұра өзгені емес, өзін кінәлі санап жүр. “Мен өз пікірімді дүниеге шығаруға кісі бетіне қарамадым. Махмұт қайбір адамның көңіліне қарайтын адам? Сондықтан келісе алмадым” – дейді ол “Айқаптан” кету себебі жөнінде. Адал адам, асыл адам өзін кінәлі санап жүретіні бар. Сөйте тұра жеке мінез ғана емес, бұл жерде қалың бұхара – халыққа деген көзқарас үлкен роль атқаратынына ден қоймасқа болмайды.

Халық мүддесімен өз мүддесін ымырасыз біріктіріп жіберген ақын әуел бастан:

Малға басым имеске,  
Рия тонын кимеске.  
Кісінің құрметін сүймеске,  
Өз ісіме тимеске,  
Кісі тіліне ермеске,  
“Қазақшылыққа” енбеске,  
Аштан өлсем, адамға  
Намысымды бермеске  
Май тамызса тілінен,  
Еш адамға сенбеске,  
Өз ақылымнан басқаға  
Не көрсем де көнбеске.  
Көміл уағда етілді. – дедім

деп серт берген.

Осы қайсарлық ақынның шағын жанр туындыларынан бастап эпикалық туындыларына дейін кейіпкер мінезі болып дарыған. Біз ақынның бар шығармасынан қайтпас қайсарлық, ортаймас қайрат-жігер көреміз.

Тұрмыс, маған от шашып,  
Бар дүниені лау қылшы.  
Түйдектеп үйіп қайғынды,  
Абылай аспас тау қылшы.  
Таптырмастан емге дос,  
Бар әлемді жау қылшы.  
Көзіңнің құны бардай-ақ,  
Аяқ бассам, ау құршы.  
Бермек тұрсын өзіме,  
Жала жасап дау қылшы.  
Сөндірі ай мен күніңді,  
Тек денімді сау қылшы. –

секілді өлеңнен де өр мінез, жасымас жігер көрмейміз бе?

С.Торайғырұлы өлеңдерінде көктемгі найзағай күркірі бар. Әдетте жасын көкте шатырлап, шарпысып жерге құламай ма? Ал Сұлтанмахмұт өлеңдері түн-түнектен жарқылдап көкке атылған найзағай жарқылы сынды қайшыласқан мінезге толы ғажап құбылыс.

С.Торайғырұлы поэзиясы – тыныс. Шағын өлеңдерінің өзіне шалқар ой ұялату ақын үшін қалыпты жай. Ол “Кедей” поэмасына қорланғандар мен қор қылғандар тағдырын кең толғап сыйғыза жырлады, ол “Айтыс (қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны)” поэмасында бүкіл қазақ өмірін, қазақ халқы бойындағы жақсы мінез бен жиіркенішті жаман мінезді сыйғыза баяндады. Етекпен тартар кемшілік қайсы, елдікке бастар жетістік қайсы –

салыстыра отырып ашты. Ал “Адасқан өмір” поэмасында тіршілік дүниесі, адам баласының өмірі, жалпы өмірдің мәні жайында философиялық толғанысқа барды. Тыныс кендігі мен ой тереңдігі құп жарасқан эпикалық поэмаларын жұп-жұмыр, шып-шымыр етіп шығарған. Бір батыр ерлігінің өзін төрт күн, төрт түн жырлайтын дастаншылыққа бой алдырған қазақ поэзиясында жап-жас Сұлтанмахмұттың оймауыт ойды формасын тауып, ойнатып жырлауы, айтар ойының арынын да баспай, ауқымын да тарылтпай оймауыт айта білуі – ғажап тыныстылық, шапқан сайын шашасына шаң жұқтырмай гулейтін, шапқан сайын қолтығы сөгіліп көсіле беретін шын жүйрік, хас тұлпар табиғатын танытқандай.

С.Торайғырұлы поэзиясы – түрдің түлеуі, жанрдың жаңаруы. Жекелеген лирикаларындағы ізденіс өз алдына, эпикалық ірі туындыларындағы түрлік түлеудің жөні бөлек. Ақын бұл ретте қазақ әдебиетіндегі дәстүрді жаңалап, жаңа биікке көтере жаңғырта пайдаланушы. Айталық, кісінің тал-таяқты ат қып мініп шу-шулеген балалық шағынан тор саналған тоқсан аралығындағы жас мөлшерін жырламаған ақын қазақта кемде-кем. Осы дәстүрлі форманы Сұлтанмахмұт ақын философиялық поэма жазуда түрлендіріп ұсынықты сөйлетеді. “Он бес-жиырма арасында” дегендей жас санап жатпай, ақын “Мен бала”, “Мен жігіт”, “Мен тоқтадым”, “Мен кәрі”, “Мен өлік” – дегендей тараушалар жасап, ірі типтендіріп, ірі жинақтайды. Ғасырлар бойы ақындар дәстүрлі арнада айтып келе жатқан жас шаманы ақын адамзат баласының тіршілік философиясына айналдырып, мейлінше биіктетіп, кең жинақтап, кемел типтендіріп философиялық тың поэма өкеледі өмірге. Әйтпесе, қазақ үшін қалыпты айтыс жанры формасын оңтайлы пайдаланған аяқталмаған “Айтыс” поэмасын алайық. Қала ақыны мен дала ақыны айтысына (форма) құрылған поэманың мақсаты қос ғасыр тоғысында, қоғамдық жаңа биікке көтерілгелі тұрған қазақ секілді халықтың бойындағы кемшілігі не, жетістігі қандай екенін таразылау. Дала ақыны, қала ақыны – бірі ескіні қолдаушы, бірі жаңаны жырлаушы сипатында көрінеді. Бірін-бірі сыйлай отырып сынайды, бірінің ұлттық жетістік деп тапқанын екіншісі дәлелді оймен талдай келіп, тап бүгін оның да жаңалыққа саналмасын айтады. Уақыт жаңа. Жаңа уақытқа сай ұлттық сана да жаңаруы керек. Жаңардық екен деп ескінің бәрін тастауға болмайды, дәстүр екен деп ескінің бәрін тарих тарантасына артып, көш-керуенді орынсыз ауырлатудың да қажеті жоқ. Міне, осы секілді екі ақынның

өзара айтыс-тартысына құрылған поэма ақындық айтыстан философиялық айтысқа айналады. Ендігі сәтте айтыс шығарманың шартты формасы ретінде қалады да “Айтыс” философиялық біртұтас туындыға айналады.

Екі үлгі, үлгілі екі туындыдан біздің пайымдарымыз – Сұлтанмахмұт қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі түр үлгісін түрлендіре, жаңа биікке көтеріп жаңарта жырлайды. Дәстүр аясында қалып қоймай жаңарған құбылыс – жаңалық. Ол енді өміршең құбылыс ретінде жаңа дәстүр туғызуға құқылы. С.Торайғырұлын ұлылық биігіне көтерген аталмыш қос поэма да кейін қазақ поэзиясында жаңа дәстүр бастады.

Айта берсе, қолда бары, қатарға кейін қосылғаны бар, ақын әдеби мұрасы жаңаша қарауды қалайтын тың құбылыстарға толы. Әзірге біз жаңаша пайымдауға боларлық бірді-екілі жайға ғана аялдадық. Сонда байқағанымыз: С.Торайғырұлы өмірде аз жасағанымен, әдебиетте көп жасаған, ғұмыры қысқа болғанымен әдеби ғұмыры ұзақ – аңсары баладай, аңғары даладай дарын. Оның тұлғасында балалық пен кемелдік тоғысып жатыр. Халықтық ортадан шыққан, орта түсуді білмей өткен, дәстүрде туған, дәстүрді жаңалаудан жалықпаған дарын. Шапқан сайын гулейтін, шапқан сайын тың түлейтін тұлпар. Ұлтының ұлы мұратына пәк тілекпен қарап, өрден өрге пәк тілекпен түлеп толайым табысты туынды беріп өткен қажырлы қайраткер ойдың ақыны. Ойы қайраткер қаламгер – қашанда санаткер. Қос ғасыр тоғысында дауылпаз үн қатқан ақын бүгін де азаматтық, ақындық мінбеде.

1992 ж.

Алматы қаласы

## Құбылыс

Ғасырмен бір туар, сөйтіп ғасырлап жасар құбылыс елең еткізуі өз алдына, толайым толғанысқа бөлейді. Халқымыздың әр буын, бар буын ұрпағымен соны қырымен жаңара, жарқырай табысып, бірге жасаса береді. Сұлтанмахмұт Торайғырұлы – қазақ әдебиетіндегі сондай ірі құбылыстың бірі.

Жиырмамыншы ғасыр басында қысқа жасап, құйрықты жұлдыздай ағып өткен ақын жайлы, оның қысқа ғұмыры, қызықты әдеби мұрасы жайлы әдебиетімізде аз айтылмаған секілді. Керек десеніз, айтылған сөз, жазылған зерттеу ақын артына қалдырған екі том мұрадан көлем жағынан әлдеқашан асып кеткен. Соған қарамастан, Сұлтанмахмұт жайлы,

қазақ әдебиетшілері әлі талай оралып, жаңа талап биігінен келіп, жанын жебелей талай ойлар айтуға тиіс те. Өйткені қазақ халқының рухани дүниесінде құбылысқа айналған ақын мұрасы бізден соны талап етеді. Елеусіз нәрселердің өзі уақыт өткен сайын елеуліге айналып, жұртшылық назарын аударып береді.

Одан небәрі үш фотосурет қана сақталып жетті. Жалындап өткен қысқа ғұмырда сәнденіп киініп, қызық қуып суретке түсуге уақыт та таппаған, ең бастысы – мұрат тұтпаған болуға тиісті. Әйтеуір жиырма жеті жылдық ғұмыр ескерткіші болып үш сурет (жансыз бейне) сақталыпты. Үшеуінде де өр, ойлы кескінде бейнеленіпті. Бұл – әрине сырт пішімі. Ақынның ішкі жан-дүниесін суретке түсіру мүмкін емесі белгілі. Ол – фотографтың тағдырына жазылмаған. Қолынан келмейді. Ол ақынның өз қолынан келіпті. Аз ғұмырында жазған, арнасынан асып-тасып жататын шабытты, өртке тиген дауылдай лапылдаған, мінезге бай, мазмұнға сақы, өткір, ойшыл сипатты өлеңдер ақын-жан-дүниесінің ішкі иірімдері ғой.

Сөзімнің сыртқа шықпас түрі бар ма?

Оны жасырар адамның күші бар ма?

Біреу күй, біреу пішін, біреу сөзбен

Көрсетпейтін жүректің іші бар ма? –

деп өзі айтқандай, ақын “жүректің ішін” поэзия құдыретімен сыртқа шығарады. Өлеңдегі сан-алуан мінез арқылы халқына ашады, жұртына жасырмай жайып салады.

Сұлтанмахмұт Торайғырұлы ақынның лирикалары әлі терең талданып жетпеген. Жыл-жылға, кезең-кезеңге бөлу, тақырыптық, идеялық талдау – табиғаты шын асыл поэзияның бүлкілдеп соғып тұрған жүрегін түгел ашып көрсете алмайды. Орыс поэзиясында өзгеше құбылысқа баланатын А.Блок, В.Маяковский, С.Есениндердің мұрасын лирикалық герой табиғаты арқылы жаңаша тану процесі жүргелі біршама уақыт болды. Қазір орыс ғалымдары “системалық анализ” ге көше бастады. Бұл бізге де керек.

Сұлтанмахмұттың лирикалық геройы ауылдан “Шығамын тірі болсам адам болып” деп армандай аттанады. Тәрбиелі оқу орындарынан “Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам!” деп оралады. Бұл аз десеңіз “Мұздаған елдің жүрегін, жылытуға мен кіремін!” – деп өршіл мінез танытады. Өзінің жеке бас мақсатын – халық тілегімен егіз ұштастырып, ел тілегіне орай ірі ойға ұмтылады. Сұлтанмахмұтпен бірге оқыған шәкірттің бәрі бірдей ақын болған

жоқ. Ақындығы өз алдына Сұлтанмахмұттың лирикалық геройымен де бәрі бідей мұраттас бола алмаған. Өйту үшін де ірі табиғат керек. Ақында сол ірі табиғат бар. Ол ғасыр тоғысында дүниеге келген ақын. Қарапайым жандардың өзіне зор ықпал етер дүрбелең жылдар талантты ақынның ішінде тұнып жатқан сұрапылын, дауылын оңай қозғап жібермей ме? Өзгені жалын алса, Сұлтанмахмұтқа әсер ету үшін ұшқынның өзі жеткілікті. Уақыт талабына суарылған ақын іздене өседі, соған орай, лирикалық герой да ілгерілеп, әралуан табиғатқа бөленеді. Алғашқы кезең өлендеріндегі қарапайым мінез келе-келе күрделене түседі. Жол басындағы балаң поэзия бояуы барған сайын қоюлана береді.

Лирикалық герой – ақын талантының жемісі. Ақынның талант нәрі, білім өресі, ізденіс өрісі – лирикалық геройды да соқталандыра түсері анық. Зерттеушілер әлі күнге Сұлтанмахмұт “оны оқыған”, “мұны оқыған жоқ” – десіп жүр. Ізденіс өрісін аңғарту үшін балаң шағындағы мына бір өлеңін алға тартайықшы:

Тұрмыс, тағдыр бірі де  
Бұл мақсаттан бұра алмас.  
**Қаһарман Рүстем, Әли де**  
Бұрам деп жолда тұра алмас.

Қаһарман Рүстем, Әлилер ойынды көне шығыс әдебиетіне жетелей жөнеледі. Ол діни кітаптармен бірге шығыстың жеті жұлдызы шығармаларымен де бала шақтан сусындағандай ғой. Қазақ сахарасына көне шығыс әдебиетінің балқаймағы қалай келеді? Адам Мецтің “Мұсылмандық Ренессанс” атты еңбегі, академик Н.Конрад болжамдары біздің пікірімізге тиянақ бола алады. Нәзира, аударма т.б. жолдардың баршасымен еркін келе береді.

Әйтпесе:

“Адам – құл өзін жеңіп ұстамаған”  
Деген бір Сократтың бар нақылы –  
деген жолдарға зер салайық.

Жаңа ғасыр көгінде тіршілік кешкен қазақ ақын-жазушылары ішінде Шығыс философиясына баратындар кездеседі. Тіпті олармен (Шығыс философтарымен) пікір жарыстырғандар да болған. Бірақ, олар Шығыста (не Батыста) мынадай философ болған деп таныстырып алар еді. Ал, Сұлтанмахмұт Сократты қалыпты, ертеден етене құбылыстай қарайды.

Осылардан кейін ой түйсек, Абай данышпандығының бір көзі болған Шығыс әдебиеті мен философиясы Сұлтанмахмұт талантының да гүлдей ашылуына ықпал еткен бір фактор деп қарауға тура келеді.

Енді оның Батыс әдебиетінен, орыс әдебиетінің ғажайып таланттарынан қалай үйренгені туралы айтайық. Сұлтанмахмұт бір өлеңінде “Ет жейтін ауыз құрымай, әділдік орнамасына көзім жетті” – дейді. “Ет жейтін ауыз құрымай” – бүтінді бөлшегімен айту, жалпыны жалқы детальмен жеткізу тапқырлық. Осы жаңалықтың тегінде Л.Толстойдың наным, сенімі, ұстанған көзқарасының ықпалы жатқан жоқ па? Толстой ықпалы? Иә, оған таң қалуға болмайды. Қазақ жазушыларының Л.Н.Толстоймен байланысы – күні ертең тарих ашатын факті. Ұлы орыс жазушысы қазақ даласынан өз үйінде сый да қабылдаса керек.

Сондай-ақ, “Адасқан өмір” поэмасының

Жер суып, жердің үсті мұзға айналып,  
Күн сөніп, жерге жарық тимегенде,  
Мен не түрде жүремін, жауап берші,  
Жер тозып, быт-шыт болып күйрегенде?

деген шумағы да Лев Толстойдың Күнге мадақ сөзінен туындап жатқан ой емес пе? Біздіңше солай!

Қазақ ақынының:

Бақыт – құс ұшып жүрген қолға түспес,  
Билеуге оны ешкімнің күші жетпес.  
Қолыңа құдай айдап бір қондырса,  
Барам деп мен анаған ұшып кетпес –

деген өлеңі орыс жұртшылығы Пушкиннен кейінгі данышпан ақынымыз деп қадірлейтін Александр Блоктың “Гамаюнын” еске түсіреді. Торайғырұлы мұрасын зерттеуді өмірлік қызығына айналдырған профессор Бейсембай Кенжебаев “Ғайса кім?” өлеңін Блоктың “Двенадцать” поэмасымен өте орынды салыстырады.

Ақынның қай өлеңін алсақ та бүтін бітім, өзіндік сом-сом ойға кездесеміз. Әйтсе де дарынның кемелденіп, толысуының айғағындай “Адасқан өмір”, “Кім жазықты?” секілді шығармалары айырықша жеміс дерлік. “Кім жазықты?” – уақыт тынысын жете пайымдаған тақырып. Тақырып Герценнің “Кто виноват”-ымен үндесіп, Н.Чернышевскийдің “Что делать?”-на бастап тұрғаны анық. “Кедей” поэмасына жазылған мына орысша сөзбасына қараңыз: **“Все, что существует в мире, есть результат известных действий, условий и среды. Человек может творить**

эти условия, что и отличает его от животных. На этом основано все, что изобретено человеческим умом. Отсюда цель моего произведения может быть, пожалуй, ясна.

1919 год. Султанмахмұт”

Қаз-қалпында келтіріліп отырған сөз басы “Адасқан өмір”, “Кедей” поэмаларының кілті іспетті, идеялық қазығы дерлік. Зерттеушілердің бұл шығармаларға айырықша зер салуы тегін емес, бір рет, бір демде ақ қағазға төгіліп түсе қалған поэмалар Сұлтанмахмұттың шырқап шыққан биігі. Бұл шығармалар Сұлтанмахмұтты өзінің тұстасы, “Гамаюн” атанған А.Блокпен рухани туыстырады.

Ойласам дүниеде қанша жан бар:  
Адам бар, ағаш бар, мал мен аң бар,  
Жанды, жансыз нәрсенің бәрі-дағы  
Әр себептің жемісі байқасандар, –

секілді философиялық үлкен өреге ақын ақылды Шығыс поэзиясы мен тұстас орыс әдебиетінің тегеурінді философиясынан үйрене отырып жеткені анық.

Міне, осындай, үйреніс көздерінен, қайнарбұлақтан нәрленген таланттың лирикалық геройы, оның қадір-қасиеті, назы мен базы бәрі де қатпарлы терең жатуы табиғи.

Ақындық шеберлік жайлы аз сөз. Сұлтанмахмұт поэзиясында сөзге зер сала, ана тілі байлығын ұштай қолданады.

Қазақ “бір тұтам” десе, сол ұғымды ақын жаңалап “Секілді өмір қысқа жарты тұтам” – деп қолданады. “Қазаққа басшымыз дер шляпалар”-да осы іспетті саналы ізденіс жемісі.

Бір шумақ өлең келтірейік:

Ақ сәуле, күміс жүзді, құндыз қабақ,  
Сен гүлсің иіс шашқан жарып сабақ.  
Болғанда көзің – жақұт, етің – торғын,  
Қасың – ай, шашың – жібек, мамық тамақ.

Аздаған статикалық қалып бар демесек, өлең образдылық, көркемдіктің бір үлгісі.

Үзінділермен шектелдік. Мұндай сонылық, жаңалықты қолданыстар ақында молынан кездеседі. Фактілер – ақынның қазақ сөзінің тұтынушысы ғана емес, қайраткер қамқоршысы болғанына дәлел. Публицистикалық мақалаларындағы тілді таза сақтау жайлы ойлары да осы пікірімізді нықтай түседі.

Құбылысқа айналар ұлы дарындар шығармашылығы, ұлт әдебиетінде дәстүр түзуге тиісті. Қазақ поэзиясында

Сұлтанмахмұттан үйренбеген ақын аз шығар-ау. Әсіресе, айрықша үйренген ақындар, біздіңше, Қасым Аманжолов, Мұқағали Мақатаев, Жұбан Молдағалиев. Қасымның “Дариға”, “Өзім туралы”, Мұқағалидың “Жан азасы”, Жұбанның “Мен қазақпын” секілді шығармалары – Сұлтанмахмұттан тікелей шығармашылық үйреніс жемістері. Аталған шығармалар – қазақ поэзиясының інжу-маржаны қатарына қосуға боларлық екені және шындық. Осыдан ой түйсек, Сұлтанмахмұт өзі құбылысқа айналуден бірге, келешек өмір, өнер құбылысына да ықпал етуші ерен рухани күш.

Сұлтанмахмұт – өз өмірінің, жеке бас тіршілігінің рахатын халық бақытына айналдырған, өзінің қысқа ғұмырын халық жолына жұмсаған ақын. Әйтпесе, отызға жетпеген жасында:

Жасамаймын “Еңбектің,  
Жемісін көзбен көрем” – деп,  
Жасаймын “бір қолқабыс,  
Кейінгіге берем” – деп,

айтар ма еді?!

Енді бір өлеңінде:

Менің досым әлі алыста – деп өз мұрасының тағдырын ишаралайды. Кейінгі ұрпаққа сенім көзін қадайды. Осы ойын:

Елімнің мен шын ұлы екеніме

Тағдырдың өзі берер куәлікті – деп екінші өлеңінде тиянақтай түседі.

Тарихқа жүгінсек, таланты ерек, табиғаты бөлек құбылыстар толассыз зерттеледі. Әралуан өнер арқауына өзек болады. Сеніміне орай, қазақ халқы ұлы ақынның есіміне, әдеби мұрасына иелік етіп отыр. Оның өмірінен роман жазылды, шығармасынан опера туды. “Правда” газеті қыркыншы жылдардың өзінде “Зор ақылды, талантты, өмірбаяны өте қызық, тамаша жазушы” (171/8217/ саны. 21.VI.1940 жыл) – деп бағалаған еді. Ақын мұрасы осы бағалауға лайық зерттеліп те келеді.

Қыран ғұмырлы ақын мұрасының кең танылып, терең ыждағатталғаны үшін қазақ халқы бір адамға, әсіресе, қарыздар деп білеміз. Ол – Сұлтанмахмұт мұрасын зерттеуге жарты ғұмырын жұмсаған айтулы ғалым, табанды зерттеуші, профессор Бейсембай Кенжебаев.

Қазір С.Торайғырұлы және оның мұрасы 20-30 жылдардағы ұлтшыл, 40-50 жылдардағы клерикалдық-

буржуазиялық, 60 жылдардағы адасты, алашордаға қызмет еткен деген қанқу сөз, қате бағалаулардың бәрінен тазарған. Қазір – “С.Торайғыров – Абайдан кейінгі ұлы ақынымыз” – деген профессор Бейсембай Кенжебаев концепциясы орын тепті. Ұлы ақын – қазір халқының құшағында!

Мәңгілікпен салыстырғанда қас-қағымға келмес қысқа ғана ғұмыр кешкен, оның өзін ұлтының ұлы мұратына, жарқын болашағына бағыштаған ақын сан ғасыр межесіне кетер, сансыз буын ұрпағына жетер мәңгілік мұра қалдырды. Өзі де халқының әрдайым айта жүрер, әрдайым арқа сүйер мәңгілік құбылысына, рухани игілігіне айналды.

Ол – құбылыс!

1982 ж.

### Сұлтанмахмұт социализмді қалай түсінді?

Жарты тұтамға жетер-жетпес қысқа ғұмыр кешкен ақын жасына қарағанда мейлінше мол, жасына қарағанда мейлінше жасамыс мұра қалдырып ағып өткен құйрықты жұлдыз іспетті жан. Небәрі жиырма алты-жиырма жеті жыл ғана ғұмыр кешкен қыршын жастың өзі өмір сүрген ортаны терең барлап, терең зерттеп, көп мәселеге көңіл көзін жібере білгеніне қайран қаласың. Сол себептен де С.Торайғырұлы рухани мұрасы, қоғамға көзқарасы, дүниетанымы деген мәселе зерттеушілер арасында толастамас дауға айналған сәттер болды. Әсіресе әдебиет пен өнерге таптық көзқарас тұрғысынан қатаң қарайтын уақытта Сұлтанмахмұттың марқұм басын дүркін-дүркін дауға салып, әрі итеріп, бері тартып дегендей зерттеушілеріміз біраз әбігерленді. Бұл процесс сонау 1930 жылдан басталып, күні кешеге – 1980 жылдарға дейін сары аурудай созылып келді.

Сонда сан қайталанып, көп қойылар бір сұрақ: “Сұлтанмахмұт қоғамды, дүниені идеалист ретінде таныды ма, әлде материалист ретінде таныды ма?” Сонда шиырланып, шыр айналған қазық сынды болған бір шығармасы – “Социализм” аталатын мақаласы. Өзі аяқталмай қалған үзік дүние, оны жазып отырған адам – небәрі жиырма бес жасар жасөспірім бала. Бала дүниетанымы жөнінде дауласып жүрген біздің түсінігіміз де балаң екен-ау...

Талас негізінен екі арнада өтті. Ғалымдардың бір тобы – Сұлтанмахмұт социализмді түсінбеді, бұрынғы ұлтшыл қалпында қалды – деді. Айталық Н.Жанділдин С.Торайғырұлы көзқарасы талмудтық, қарилық көзқарас деп жазды.

Әйтпесе, С.Мұқанов “Ол социализмнің міндеттерін өз табының пайдасына бейім қып, пролетариат төңкерісінің өткелінен аман-есен алып шығуға тырысты. Оған осы жинақтағы “Социализм” деген мақаласы куә (“Сұлтанмахмұт Торайғырұлының толық шығармалар жинағы”, А., 1933, 8-бет) – деп жазды. Ғалымдардың екінші тобы Сұлтанмахмұт ақпан төңкерісі кезінде адасқанымен социализм идеясына келіп жетті деп қарайды. Бұл көзқарастың басында профессор Бейсембай Кенжебаев жүрді. Ғалымның пікір дәйегі ретінде алға тартары тағы да – “Социализм”.

Екі арна, екі бағытқа тартқан пікірдің қайсысы дұрыс? Ойланған жөн. Алдымен айтыс мәніне бойлау керек. Сұлтанмахмұтты ұлтшыл етіп көрсетушілер алдымен таптық көзқарастың құрбаны. Үлкен жазушымыз С.Мұқанұлы Сұлтанмахмұтты ақын райында жек көріп отырған жоқ, оның “Таныстыру”, “Алаш ұраны”, “Айтыс (қала ақыны мен дала ақынының айтысы)” – секілді шығармаларында байшыл-ұлтшылдарды мақтап, марапаттауын кеше алмайды. Әйтпесе өз романын алғаш “Адасқандар” атауында С.Торайғырұлының “Адасқан өмір” поэмасының ықпалы жатқан жоқ па? Әрі Сәбең Сұлтанмахмұттай дарынды ақынның көп өлеңін жанымен сүйіп, жатқа айтады екен. Алайда таптық көзқараста қалыптасқан Сәбең жарықтық сүйікті ақынның ұлтшыл-байшыл ақын-жазушылар арасында болғанын, идеялас жүргенін кеше алмайды. Ал, Н.Жанділдин болса, Сұлтанмахмұт мұрасының қадір-қасиетіне жетіп жатқан жоқ. Ақын көзқарасы, дүниетанымын зерттеп, тану оның мұраты да емес. Оған Сұлтанмахмұт арқылы зерттеуші Бейсембай Кенжебаевты мұқатса, “ұлтшыл ақынды зерттеген ұлтшыл, алашорданың құйыршығы” жарғысын тақса – жетеді. Ол Сұлтанмахмұтты бақастық, бақталастық құрбандығына шалып жіберіп отыр.

Бар саналы ғұмырын Сұлтанмахмұт Торайғырұлын тануға, танытуға жұмсаған Б.Кенжебаевтың ақынды “социалист” етіп, жанұшырып айқасып, бет жыртысып жүруінің өзіндік себебі бар. Сұлтанмахмұтты “ұлтшылдыққа” бердің-ақ ақиық ақын мұрасы жабылып қалады ол кезде. Әйтпесе, Сұлтанмахмұттың ұлтшыл ақын екенін Бейсекең әуел бастан-ақ біледі. “Сұлтанмахмұттың ақындығы” аталатын кандидаттық диссертациясында “қазақ әдебиетін таптық көзқарас тұрғысынан қарап, бөле-жара зерттеудің тиімсіздігін” айтамын деп пәлеге қалып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті қаулысына ілігетін кісің – Кенжебаев...

Алайда, ол кезде ақынды “ұлтшылдыққа” беру – одан айырылып қалумен тең. Міне, мәселе қайда?!

Қазір уақыт басқа. Әдебиетті таптық тұрғыдан қарастыр деп ешкім-ешкімді міндеттемейді. Енді ойланып көруге болады. Расында С.Торайғырұлы дүниені, қоғамды қалай түсінді? Социализм идеясына келді ме?

Бұл сұрақтарға жауап беру бүгін де оңай емес. Жауап беру үшін алдымен патшалық Ресей, ақпан төңкерісі, қазан төңкерісі қазақ халқы тағдырында қаншалық роль атқарды, тарихшыларымыз соны таразылап, соны анықтауы керек. Содан кейін барып біздің ақын-жазушылардың дүниетаным, көзқарасы хақында әңгіме қозғауымызға мүмкіндік туады. Қазақ тарихшылары әл-әзір аса жауапты бұл сұраққа тереңдеп бара қойған жоқ. Дегенмен қоғамның қос ғасыр тоғысындағы аласапыран, топалаң күйіне ойша көз жіберіп көруге болады.

Өз басым былай ойлаймын: егерде патшалық Ресей қалпын бұзбай, қаймағы шайқалмай тұра бергенде, көп дегенде он-он бес жылда қазақ түгелге жуық шоқынып, жерінен айрылып, елдік ұлттық болмысын біржолата жоғалтатын еді. Ақпан төңкерісі міне осы процесті тежеді, тажалды сәл де болса кейін серпіді. Жаңа ғасыр көгінде (XX ғасыр басы. Қ.Е.) өмір сүрген қазақ ақын-жазушыларының бәрінің бірдей “Патша тақтан құлады, ақ күн туды, алақай!” – деп бөркін аспанға ата қуануының сыры міне осында. Қазақ оқығандары ақпан төңкерісінен көп үміт күтті. Қазақ бостандық алар, өз қолы өз аузына жетер деп ойлады. Көкейін тескен көп мәселенің бірі – қазаққа автономия, яки дербестік тиеді деп білді. Олардың Ресейде ақпан төңкерісін жасаған үлкенді-кішілі қайраткерлермен жең ұшынен жалғасып, төңкерісті баянды етуге тырысушылығы да осы арман, осы ойдан. Әйтпесе, орыссынып бара жатқан қазақ оқығандары жоқ-ты. Әлеуметтік жағдай орныққанша ақпан төңкерісін жасаушылармен елбесіп-селбесудегі түпкі мақсат – қазақ дербестігін алу, елдігін қалпына келтіру. Осындай үміт, тәтті тілек үстінде жүрген қазақ зиялылары қуанбағанда қайтеді?! Ақпан төңкерісін бостандыққа балай, алақайлап қуанған, жарлай жыр арнаған ақынның бірі – Сұлтанмахмұт Торайғырұлы. Ақпан төңкерісін алақайлап қуанып қарсы алғаны үшін ақынды кінәлауға бола ма? Біздіңше, кінәлауға болмайды. Кінәлау – әрі тарихи жағдайды түсінбегендік, сол себепті орынсыз. Ақын ақпан төңкерісіне қуанса – жеке өз басы үшін емес, халқым бодандықтан құтылып,

бостандыққа кенеледі, тендікке қолы жетеді деп қазақ үшін қуанады.

Ақпан төңкерісі – ақын үмітін ақтар ма, жоқ па, қазаққа бостандық әпепе ме, жоқ па – ол жағы беймәлім. Төңкеріс нәтижесінде туған өкіметтің ғұмыры қысқа болды. Сол себепті ақпан төңкерісі қазақ қолын ұзартары, иә қысқартары беймәлім қалыпта қала берді. Ал ақпан төңкерісіне іштартқан ақын, жазушы азаматты кіналау, сол үшін қайдағы-жайдағы жарғыны тағу – “советтік” идеология қателігі һәм қатыгездігі. Тарих қойнауына өтіп кеткен қысқа ғұмырлы өкіметті кешіре алмай, іштартқан азаматтарды қуғын-сүргінге ұшырату – кеңдігі емес, кемдігі, тарихи қатесі.

Ұзамай қазан төңкерісі болды. Қақтығыс, көтеріліс, қан төгу – төңкеріс шарты. Қан төгілді, жан берілді. Бар адамзат баласына тендік, бостандық жарияланды. Ауызша айтылған, жазбаша қағазға түскен бағдарламаға қарасаң – Кеңес өкіметінен жақсы өкімет жоқ. Қазаққа да, бұратана атанған басқа халыққа да, ұлысқа да бәріне бірдей құқық берілетін секілді. Енді мұндай өкіметтен үміт етпеуге бола ма? Үміт етті. Сұлтанмахмұт кеңес өкіметін де қапысыз қабылдады. Ақынның ақпан төңкерісін қабылдауын қателігіне балап келдік қой. Бүгінгі күн биігінен қарағанда ақынның кеңес өкіметін қабылдауы да келешекте тап солай қателігіне баланып кетуге әбден мүмкін. Бірақ, қазір уақыт басқа. Неге қабылдамасын кеңес өкіметін? Әрі бала, әрі жаңа өкіметтің зорлық-зомбылығын көзімен көрген жоқ. Көретіндей болған жоқ, өзі аурумен алысып жаны жабырқап жүр, сөйте жүріп кеңес өкіметінен тәтті үміткер. Арпалысқан жан сөйтіп дүниеден өтті де кетті. Кеңес өкіметі теоретиктерінің әрекеті астарлы, ұстанған бағыты қатерлі шығар, бірақ тілі тәтті еді. Сөз бен іс арасын ажыратып қарарлық хал Сұлтанмахмұтта бола қойған жоқ.

Осыған қоса айтар және бір мәселе бар. Қазан төңкерісі патшалық Россияның Орта Азия және Қазақстан халқын ассимиляцияға дайындығын, жүзеге асыруға мықтап кіріскен арам пиғылын ұзақ жылдарға кейінге шегеріп жіберді. Қазақ халқының сақталып қалуындағы осы бір тарихи сәтті әсте ұмытуға болмайды. Сөйте тұра біз кеңестік жүйенің зардаптарын да ұмыта алмаймыз.

Сол себептен де өмір мен өлім арасында арпалысты күн кешкен ақын ғұмырын батқан күндей батып бара жатқан ақырғы сәттерін Кеңес өкіметіне арнады. Кереку төңкеріс комитеті төрағасы Жигарев қолынан мандат алып, нұсқаушы райында елге шықты. Кеңес өкіметінің жай-күйін

түсіндірді, сайлауға қатысып, кедейлерді болыстыққа сайлауға әрекеттенді. Бұл – тарихи дерек. Замана өзгерді екен деп бұл тарихи деректерді ақын өмірінен алып тастай алмаймыз.

Бұрын ақын мұрасынан айырылып қалмау үшін ұлтшылдықтан қорғаған болса, енді ғалымдар оны кеңестік жүйені қолдады деген пікірден қорғалақтайтын күн туып келеді. Біздіңше, қорғалақтайтын ештеңе де жоқ. Барды – барша, жоққа не рәуа деген принцип аясында пікір толғауымыз керек. Егер Сұлтанмахмұт социализмді жақтаса, Кеңес өкіметін қолдаса тағы да өзі үшін емес, халқы үшін қолдады. Ақынның өзі де:

Жасамаймын “Еңбектің  
Жемісін көзбен көрем” – деп,  
Жасаймын – бір қолқабыс,  
Кейінгіге беремін деп,

жазбайтын ба еді?! Әйтпесе, өкпені алып болған күрт аурудан таңын атыра алмай, сағат санап отырған ақынның өз басына не керек?! Ештеңе де!

Ақын дүниетанымы жайындағы әңгіме – небәрі жиырма мен жиырма жеті жас арасындағы бозбала көзқарасы жайындағы әңгіме. Алайда Сұлтанмахмұттың өзі жас болғанымен, жыры жасамыс, өзі балаң болғанымен, дүниетанымы балаң емес. Ой-дүниесі өскен, жыр-жиһазы піскен. Ендеше ақын көзқарасын қалай қарастырсаң да жарасады. Осы уақытқа дейін талай дау-дамай әңгімеге тамызық болып келген “Социализм” атты мақаласын да жаңа уақытқа сай – жаңаша көзқараспен оқуға, ой-талдауға болар еді.

Мақаланың “Социализм” аталуы ең алдымен ақынның үзіп-жұлқып орысша оқыған жылдары қоғамдық ғылымдардан хабардар болуының белгісі. Демек, ақын – Ж.Аймауытұлы айтқандай: “Орысша оқуы аз болса да, жаратылысына біткен зейіні, қайраты, талабымен орыс әдебиетін әбден түсініп оқитын болады. Герцен, Кропоткин, Бакунин, Толстой, Каутский, Плеханов тәрізді социалшыл, анархияшыл білімдандардың кітаптарын көп оқиды” (Жоғарыда аталған еңбек. XXII-бет).

Екіншіден “Социализм” Сұлтанмахмұттай ақынның социалистік жүйені, керек болса Кеңес өкіметін қабылдауының куәсі. Қалай қабылдады? Толық аяқталмаған мақаладан ақынның кеңестік жүйені қабылдай отырып, оған өз талап-тілектерін қоятынын аңғарамыз. Үнемі утопиялық тану деңгейінен аспай келген кеңестік жүйені

Сұлтанмахмұт адамзат баласының “... тегіс бақытты болуы...” (“Социализм”. Ақынның бұл мақаласы барлық жинақтарында жарияланып келеді. Қ.Е.) ретінде танып, біледі. Егер қазақ халқы тегіс бақытты боламын десе онда адамзат баласы осы уақытқа дейін жасаған ілім, білім, мәдениетті аз жылда меңгеріп, адамзат керуеніне жедел ілесіп кетуі керек дейді ол. Адамзат тарих керуені, адамзаттық мәдениет көшіне ілесудің қиындығын да жасырмайды. “Адамның жаратылғаннан осы минутке шейінгі өмір тәжірибесімен тама-тама жасалған нәрсе дария болса, тамшыдай таныстығы аз жұрттың бірі біздің қазақ” – деп жазады ол. Сөйте тұра қазақ білім аламын, ғылым үйренемін десе Европа деңгейіне жиырма-отыз жыл ішінде жетуі мүмкін. Ол үшін қалың ұйқыны тыйып, қам-қаракет істемек шарт дейді. “Европа жұртының қазақ халіндегі мындап жылдарды өткізіп барып жеткен осы күнгі біз сұқтанатын халіне қазақтың жетуіне мындап, жүздеп жылдар керек емес, ондап, жиырмалап, көп болса отыздап жылдар керек. Европа халқының көп жылда жеткен жеріне біз аз жылда жетеміз. Себебі: олардың даярлап салып қойған жолымен барамыз” – деп жол көрсете сөйлейді ойшыл.

Мәдениет жолына түсу үшін қазақ өзінің ұлттық табиғатына сай келетін үлгіні үйлестіріп ала білсе – ұтатынын да айтқан ақын. “Егер де қазақ Европаның даяр жолына түспей өз беттері, өз алдарына жол жасауын тосып отырса, Европа қатарына кірудің алыстығы сонда болар еді” – деген пікірде көп мән бар. Ақын социализмді Европа мәдениетінен тысқары, өз алдына оқшау тұрған қоғам формасында танымайды, европалық мәдениетті елдермен тығыз бірлікте дамитын жаңа, жетілген қоғамдық жүйе ретінде танып, солай насихаттайды.

Мына қызыққа қараңыз. “Адам баласының ауыр күн көрістен құтылып бақытты болуына себеп болатын Европадағы ғылымды мен екі жікке айырып ұғамын, бірі – дене азығы, бірі – ар азығы” – деп біледі. Және “дене азығы” мен “ар азығы” ара-жігін былайша айырып түсіндіреді. “Дене азығы дегеніміз – осы күнгі адам баласының жеңіл күн көруіне себеп болып жүрген саймандар білімі; мысалы: пароход, от арба, телеграмма, телефон, ұшатын аэроплан, көліксіз электрик яки пар қуатымен жұмыс атқаратын машина, ар азығы дегеніміз – әділдік. Осы соңғы ар азығы – әділдік табылмаса басқа дене азығы өнерлердің көбеюімен жалпы адам баласының күн көрісі ауырламаса, жеңілдемейді, бақытсыздығы көбеймесе, азаймайды” – дейді ол.